

Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 374 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 маусымда № 11390 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 937 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 27.12.2018 № 937 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 7-бабы 15-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев):

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсы мен мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 8 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
Министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 374 бұйрығымен
бекітілген

**Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің
депозитарийін құру және жүргізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 15) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийі (бұдан әрі - Депозитарий) - техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің жиынтығын білдіретін, ведомствоаралық сипаты бар, олардың қалыптасуын, есепке алынуын, сақталуын, көкейкесті етілген (бұдан әрі - көкейкесті ету) жағдайда ұсталуын қамтамасыз ететін, Депозитарийді пайдаланушылар мүддесіне ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ететін арнайы қор;

2) депозитарлық қызмет - техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеу және қолдану саласында қалыптастыру, есепке алу, сақтау, көкейкесті ету, ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ету жөніндегі Депозитарий субъектілерінің қызметі;

3) Депозитарийдің жеткізушілері - техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеуге, бекітуге және жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар;

4) Депозитарийдің пайдаланушылары - депозитарийдегі ақпаратты және жіктеуіштерді пайдалануға мүдделі мемлекеттік органдар;

5) уәкілетті орган - техникалық реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган.

2. Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу тәртібі

3. Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері депозитарийі нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры негізінде құрылады және оның құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Өзінің жұмысында Депозитарий осы Қағидаларды, Заңның 7-бабы 20) тармақшасына сәйкес бекітілетін нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 318 бұйрығымен бекітілген Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету қағидаларын (бұдан әрі – Тарату қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7952 тіркелген) басшылыққа алады.

5. Депозитарий қызметі мүдделі тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрамайтын бөлігінде қолжетімді, ашық және айқын болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында есепке алуға жататын статистикалық есептілік жүйесінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың түрлі ақпараттық жүйелерінде пайдаланылатын техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері депозитарлық қызмет объектілері болып табылады.

7. Уәкілетті орган, Депозитарийдің жеткізушілері мен пайдаланушылары депозитарийдің субъектілері болып табылады.

8. Депозитарийді жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Депозитарийдің жиынтықтау көздері:

1) мемлекеттік органдар;

2) стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдар болып табылады.

10. Жұмыстар жүргізу және сақтау үшін Депозитарийге техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтаудың бірыңғай жүйесінің стандарттарына сәйкес әзірленген және бекітілген, нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген талаптарға сәйкес істерге ресімделген техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері мен оларға өзгерістер қабылданады.

11. Депозитарийдің жеткізушілері құжаттарды көкейкесті түрде ұстау үшін техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды Депозитарийге олар бекітілгеннен кейінгі екі апталық мерзімінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етеді.

12. Депозитарийге келіп түсетін және ондағы бар барлық техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері, сондай-ақ олар туралы анықтамалық ақпарат есепке алынуға тиіс. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін есепке алу олардың сақталуын қамтамасыз ету және олардың қозғалысын, көкейкесті етілуі мен әрекет ету мерзімдерін бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

13. Депозитарийде техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін есепке алуға, қалыптастыруға және сақтауға жауапты тұлғалар айқындалады.

14. Депозитарийге осы Ереженің 9-тармағында көзделген ұйымдар берген техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері бақылау даналарына жатады және олар жұмыс істеу үшін берілмейді.

Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің бақылау даналары мүдделі тұлғаларға берілетін құжаттардан бөлек сақталады.

Берілуге жататын техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің даналары "Жұмыс даналары" мәртебесіне ие болады және жұмыс істеу үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз, ал ол болмаған жағдайда электронды жеткізушілерде мемлекеттік органдарға тегін негізде беріледі.

15. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптама жүргізу, өзгерту, жою және қолданысқа енгізу Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығымен бекітілген Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8314 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

16. Жіктеуішті жүргізу:

1) техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің эталондары мен бақылау даналарын құруды;

2) ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын, жаңа объектілерді жіктеу мен кодтауды қамтамасыз ету, техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін жетілдіру мақсатында оларға өзгерістер енгізуді көздейді.

17. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган арнайы үй-жай бөледі.

18. Депозитарийдегі техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері толық мәтіндік электронды дерекқорларда қалыптастырылады.

Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері бойынша электронды дерекқорлар мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

19. Мүдделі тараптарға қызмет көрсету Тарату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Депозитарийдегі техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері туралы ақпарат мемлекеттік стандарттардың жылдық және ай сайынғы ақпараттық сілтеуіштерінде жарияланады.